Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер Шартқа № 2 қосымшада (техникалық ерекшелік) көрсетілген талаптарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары талаптарға сай болуға тиіс.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай мағынада түсіндіріледі:

1.3.1. «Шарттың жалпы сомасы» – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қолданылатын салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді ескере отырып, Шарт бойынша өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға төлеуге тиіс сома.

1.3.2. «ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ» – еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы қызмет бағыттары, оның ішінде: еңбек қауіпсіздігі және қызметкерлердің денсаулығын қорғау мен еңбек гигиенасы, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындыларды, төгінділерді және қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану (су, жануарлар және өсімдіктер дүниесі, энергия тиімділігі) бағыттарын қамтиды;

1.3.3. «Қызметкер» – Тапсырыс берушімен еңбек қатынастарында болатын және еңбек шарты негізінде Қызмет көрсететін жеке тұлға;

1.3.4. «Оқиға» – Тапсырыс берушінің өндірістік қызметі нәтижесінде немесе оның барысында орын алған, өндірістік қызметпен байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, апатқа, жол-көлік оқиғасына немесе Тапсырыс берушінің бизнесі мен беделіне әсер ететін кез келген өзге де оқиғаға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін кез келген жоспардан тыс оқиға;

1.3.5. «Қосалқы орындаушы»– Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында Орындаушымен жасалған шарт негізінде белгілі бір Қызметті көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

1.3.6. «Объект»– Тапсырыс берушінің өндірістік қызметінде пайдаланылатын ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдықтар мен өндірістік қондырғылар, зертханалар;

1.3.7. «Бастапқы есепке алу құжаттары»— қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес ресімделген және осы Шарт бойынша Тауардың жеткізілгенін растайтын қағаз жеткізгіштегі және/немесе электрондық нысандағы құжаттар. Осы Шарт бойынша бастапқы есепке алу құжаттарына, оның ішінде, қабылдау-тапсыру актілері және тауар жүккұжаттары жатады.

1.3.8. «Қор» – «Самұрық-Қазына» АҚ.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда көзделген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.4.1. осы Шарт;

1.4.2. сатып алынатын Қызметтердің тізбесі – Шартқа № 1 қосымша;

1.4.3. техникалық ерекшелік – Шартқа № 2 қосымша;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.4.4. елішілік құндылықты есептеу нысаны – Шартқа № 3 қосымша;

1.4.5. көрсетілген Қызметтер туралы есеп нысаны – Шартқа № 4 қосымша;

1.4.6. көрсетілген Қызметтер актісінің нысаны – Шартқа № 5 қосымша;

1.4.7. төлем шотының (инвойстың) нысаны (бейрезиденттер үшін) – Шартқа № 6 қосымша;

1.4.8. Орындаушының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы міндеттемелері – Шартқа № 7 қосымша;

1.4.9. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы іс-шаралар жоспары– Шартқа № 8 қосымша;

1.4.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бұзушылықтар үшін айыппұл санкцияларының тізбесі – Шартқа № 9 қосымша;

1.4.11. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісім – Шартқа № 10 қосымша;

1.4.12. санкциялық ескертпе – Шартқа № 11 қосымша.

1.4.13. Электрондық шот-фактураның нысаны – Шартқа №12 қосымша.

1.4.14. Қызметтер құнын есептеу – Шартқа №13 қосымша.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушы Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Шарт жасалған кезде көрсетілетін Қызметтердің толық көлемін немесе оларды көрсетуге қажетті шығындарды алдын ала көздеу мүмкін болмаған жағдайда да. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ Қызметтерді толық аяқтау үшін қажетті Қызметтердің көлемі анықталған жағдайда, Орындаушы осы Қызметтерді өз күшімен және барынша қысқа мерзімде, Шарттың қосымшаларында көзделмеген, Орындаушының күтпеген шығыстары есебінен, шарттық соманы ұлғайтпастан орындайды. Кез келген жағдайда Орындаушының жоғарыда көрсетілген анықталған Қызметтер көлемін орындауға жұмсалған шығындарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап етуге құқығы туындамайды.

2.1.2. Орындаушының нақты шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілген шығыстардан аз болған және Орындаушы алған үнем көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемді Тараптар арасында тең мөлшерде бөлуді талап етуге құқылы.

2.2. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қолданылатын салықтарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді қамтиды.

2.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.4. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.5. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.6. Қызметтер аванстық төлемсіз (алдын ала төлемсіз) көрсетілген жағдайда, көрсетілген Қызметтер үшін төлем Тараптар Қызметтер көрсету актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Қызметтер көрсету актісі) және Шарттың 2.8-тармағында көзделген құжаттар тізбесіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2.7. Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді жүзеге асыру мақсатында Орындаушы ұсынуға тиіс міндетті және қажетті құжаттар:

2.7.1. Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлемі бойынша елішілік құндылық үлесінің есебі электрондық құжат нысанында («Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алуды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) көрсетілген Қызметтердің түпкілікті Актісімен бірге ұсынылады);

2.7.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазып берілген электрондық шот-фактура;

2.7.2.1. Шот-фактураны Орындаушы ресімдеу кезінде: - «Алушы» жолында мынадай деректемелер көрсетілсін: «ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астана қ., Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 17 ғимарат, т.е.б. 16 Алушының ВСН мен мекен-жайы: ВСН 140340010451, Қазақстан Республикасы, 010000 Алушының есеп айырысу шоты: KZ546010111000193945, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның банкінде. БСК HSBKKZKX. - «Жүк алушы» деген жолда мынадай деректемелер көрсетілсін: ВСН 180541015056, «ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Атырау филиалы ". Қазақстан Республикасы, 060097, Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая шағын ауданы, даңғылы. Елорда, құрылыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.«Қазақстан Халық Банкі» АҚ банкінде ИИК KZ696010141000042402 БСК HSBKKZKX

2.7.3. Төлем шоты/инвойс (бейрезиденттер үшін);

2.7.4. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі көрсетілген Қызметтердің түпкілікті Актісімен бірге ұсынылады.

2.8. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.9. Шот/шот-фактура көрсетілген Қызметтер актісі негізінде жазып беріледі және өткізу бойынша айналым жасалған күннен (Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес) ерте емес және Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қойылуға (күнін көрсетуге) тиіс.

2.10. Тапсырыс беруші Орындаушының төлем жасауға арналған құжаттар топтамасын, оның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін тиісінше ресімдемеуіне және/немесе уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемнің кешіктірілгені үшін жауапты болмайды.

2.11. Тапсырыс беруші есептелген санкциялар сомасын Орындаушыға төленуге тиіс сомадан ұстап қалуға құқылы.

2.12. Егер Тараптардың мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірлері немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тараптардың әрқайсысы осындай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті өзгерістер туралы бір-бірін жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және ол жеткізілгеннен кейін немесе хабарламада күшіне ену күні көрсетілген болса, көрсетілген күні, осы күндердің қайсысы кейінірек басталатынына байланысты, күшіне енеді.

2.13. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген Шарт тармақтарының талаптарына сәйкес (шот-фактураны ұсынуды қоспағанда), Орындаушы инвойсты (төлем шотын) және Шарттың 5.5 және 5.6-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін, төлем жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша _____ (төлем валютасы) валютасында төлемді жүзеге асырады. Бұл ретте Орындаушыға төлем мынадай салықтарды шегере отырып жүзеге асырылады: * Орындаушыға төленетін табыс көзінен ұсталатын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы; * Қазақстан Республикасында тұрақты болатын деп танылатын Орындаушы қызметкерлеріне төленетін табыс көзінен ұсталатын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығы, егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделсе. Сондай-ақ Орындаушы Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бейрезиденттің резиденттік елінде салықтық тіркелгенін растайтын, резиденттік елдегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетілген құжатты ұсынады. (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.14. Қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркелген тұрақты мекеме арқылы көрсетілген жағдайда, Орындаушы Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын бейрезидент салық төлеушінің куәлігінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін ұсынады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді дербес төлейді (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.15. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге тиіс соманы өз бетінше (өзара есепке жатқызу тәртібімен) мынадай сомаларға біржақты тәртіппен азайтуға құқылы екендігімен келіседі: * Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс беруші есептеген айыппұл санкцияларының және/немесе залалдардың сомасына; * Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешегінің сомасына.

2.16. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.17. Осы Шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелерге қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, аталған халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес қызмет көрсету орны бойынша және мерзімінде көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні Қызметтерді көрсету күні болып есептеледі. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес және Шартқа №1 және №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша Қызметтерді көрсетеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.3. Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Орындаушы жол парақтарына (талондарға) қол қоюға құқығы бар уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындайды және Тапсырыс берушіге уәкілетті жауапты тұлғалардың қолтаңбаларының үлгілерін, сондай-ақ Орындаушының жауапты құрылымдық бөлімшесінің мөрінің (мөртаңбасының) үлгісін ұсынады.

3.4. Тапсырыс беруші Орындаушыға апта сайынғы өтінімдерді алдыңғы аптаның жұма күні сағат 17:00-ден кешіктірмей, _____ қ. уақыты бойынша, көлік құралының түрін, күнін, маршрутын және/немесе жұмыстар жүргізілетін орынды көрсете отырып ұсынады (№ ___ қосымша). Бұдан басқа, күн сайын сағат _____-ге дейін объектілердегі көлік құралдарының түрлері, орындары, маршруттары және жұмыстарды жүргізу уақыты көрсетілген нақтыланған тәуліктік өтінім беріледі (№ ___ қосымша). Мереке және демалыс күндеріне арналған өтінімдер бөлек ұсынылады. Орындаушы келесі күнге арналған тәуліктік өтінімнің орындалуы бойынша Қызметтер көрсетілуін үйлестіретін Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесіне сағат _____-ге дейін көлік құралдарының маркасы мен мемлекеттік тіркеу нөмірлерін көрсете отырып, кері байланыс беруге міндетті. Орындаушы Тапсырыс беруші берген өтінімге сәйкес белгіленген уақытта және жерде қажетті сан мен типтегі көлік құралдарының техникалық жарамды, жанар-жағармай материалдарымен (ЖЖМ) толтырылған және тиісті түрде жабдықталған күйде, барлық қажетті рұқсат құжаттары болған жағдайда, жұмысқа шығуын қамтамасыз етеді. Орындаушының автокөлік құралдарының тәуліктік жұмыс ұзақтығы Тапсырыс беруші тарапынан реттеледі. Орындаушының автокөлік құралдарының қозғалыс маршрутын Тапсырыс беруші айқындайды және _____ облысының және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерді де қамтуы мүмкін.

3.5. Тапсырыс беруші берген өтінімге сәйкес автокөлік құралдарын ұсынған кезде Орындаушы жүргізушіге өз тарапынан қол қойылған жол парақтарын береді. Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін жол парақтарына көлік құралын нақты пайдалану уақыты көрсетіліп, Тапсырыс беруші тарапынан қол қойылады.

3.6. Орындаушы күн сайын Тараптар келіскен нысан бойынша алдыңғы тәулікте пайдаланылған әрбір автокөлік құралы бойынша нақты деректерді (жүріп өткен жолы мен пайдалану уақыты) толтыру және Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасына қол қою үшін жол парақтарын (талондарды, маршруттық парақтарды) ұсынады.

3.7. Өндірістік қажеттілік туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші көлік құралының қажетті шығу уақытынан 1 (бір) сағат бұрын шұғыл өтінімдер бере алады. Автокөлік құралдарына шұғыл өтінімдер алынған кезде, Орындаушы Тапсырыс берушіні автокөлік құралдарымен дереу, бірақ 1 (бір) сағаттан кешіктірмей қамтамасыз етеді.

3.8. Орындаушы ұсынылатын автокөлік құралдарын тұраққа қоюды/тұрақтауды, күзетуді, тазалауды, жууды және салондарын химиялық тазалауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ автокөлік құралдарын тиісінше күтіп-ұстауға қажетті барлық өзге де шығындарды көтереді.

3.9. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес автокөлік құралдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ өз қаражаты есебінен автокөлік құралдарына қажетті ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын, сондай-ақ барлық қажетті қосалқы бөлшектерді, аккумуляторларды, майлау материалдары мен техникалық сұйықтықтарды, сондай-ақ қысқы және жазғы шиналардың тиісті жиынтықтарын қоса алғанда, мерзімді техникалық қызмет көрсетуді жүргізеді.

3.10. Автокөлік құралы істен шыққан жағдайда, тиісті ақпарат алынған сәттен бастап 2 (екі) сағаттан кешіктірмей, жөндеу жұмыстары жүргізілетін кезеңге Орындаушы сол класқа және шығарылған жылына сәйкес келетін ауыстыратын автокөлік құралын ұсынады.

3.11. Іссапарға шығу жағдайында Орындаушы жүргізушілердің Қызметтер көрсетілетін жерде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес тұруын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жүргізушілердің іссапар шығыстарын төлеуге байланысты шығындарды көтереді.

3.12. Қызметтердің көлемі мен көрсетілетін орны осы Шартқа № 1, № 2 және № 4 қосымшаларда айқындалады.

3.13. Қызметтерді Тапсырыс беруші көлемі мен сапасы бойынша Шартқа № 1, № 2 және № 4 қосымшаларға сәйкес Қызметтер көрсету актісімен қабылдайды. Қызметтер көрсетілген күн болып Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсету актісіне қол қойған күні есептеледі.

3.14. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Орындаушы өзі және өзінің қосалқы орындаушылары үшін Қызметтер көрсету мақсатында Тапсырыс берушінің аумағына кіруге арналған **Рұқсат-өткізуді** Тапсырыс берушіден алуға міндетті. «Рұқсат-өткізу» – Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша ресімделетін, Орындаушыға (қосалқы орындаушыға) Қызметтер көрсету үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіруге құқық беретін және Орындаушының (қосалқы орындаушының) жарақтандырылуының Шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат.

3.15. Рұқсат-өткізуді алу үшін Орындаушы осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес Орындаушының Шарт бойынша барлық талаптарға сай жабдықталғанын растайтын барлық құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарының көшірмелерін, қосалқы орындаушы қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттарды, рұқсат беру құжаттарын, соның ішінде лицензияларды, көрсетілетін Қызметтерге арналған сертификаттарды, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды және Шарт бойынша Қызметтерді орындау үшін қажетті өзге де рұқсат беру құжаттарын ұсынады. Оның ішінде (қажет болған жағдайда) Орындаушының Шарт талаптарына сәйкес жабдықталғанын тексеру үшін Тапсырыс берушінің Орындаушының өндірістік базасына кіруін қамтамасыз етеді. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе тексеру нәтижелері бойынша Орындаушы мәлімдеген жабдықталудың сәйкестігі расталмаған жағдайда, Тапсырыс беруші жазбаша жауап арқылы сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Орындаушыға Рұқсат-өткізуді беруден бас тартады. Бұл ретте Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Шарттың №№1, 2 қосымшаларына сәйкес және Шартта белгіленген мерзімдерде Қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету.

4.1.3. Шарттың №7 қосымшасында көрсетілген еңбек қауіпсіздігі (ЕҚ), өнеркәсіптік қауіпсіздік (ӨҚ) және қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) саласындағы міндеттемелерді орындау.

4.1.4. Көрсетілген Қызметтерді Шарттың №5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыру актісі арқылы тапсыру, көрсетілген Қызметтер туралы есепті ұсыну және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны жазып беру. Көрсетілген барлық құжаттарды Қызметтер көрсетілген күнтізбелік айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен кешіктірмей ұсыну.

4.1.5. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.6. Шартта көзделген мерзімдерде және талаптарға сәйкес Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге қатысты құжаттарды, оның ішінде:

4.1.6.1. Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлемі (саны) бойынша Шарттағы ішкі құндылықты есептеуді электрондық құжат нысанында ұсыну (Жүйеде ұсынылады). Көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.6.2. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өткен күнтізбелік жылда Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің нақты көлемі (саны) бойынша ішкі құндылықтың аралық есебін электрондық құжат нысанында ұсыну (Веб-порталда ұсынылады). Күнтізбелік жылдың 20 (жиырмасыншы) қаңтарынан кешіктірмей ұсынылады (осы тармақ ұзақ мерзімді немесе ауыспалы сатып алу шарттарына қолданылады).

4.1.7. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережесін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, модельдерді, үлгілерді немесе ақпаратты Шартты орындауға Орындаушы тартқан персоналды қоспағанда, қандай да бір тұлғаға жария етпеу. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана берілуге тиіс.

4.1.8. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа мақсаттарда пайдаланбау.

4.1.9. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға байланысты талаптарды сақтау. Осы мақсатта Орындаушы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің нәтижелеріне қатысты өзінің мүліктік құқықтарынан Тапсырыс берушінің пайдасына бас тартады және Тапсырыс берушінің құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

4.1.10. Орындаушының Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуі нәтижесінде үшінші тұлға шығынға (залалға) ұшыраған жағдайда, Тапсырыс берушіні үшінші тұлғалардың кез келген шағымдары мен сот талқылауларынан қорғауды қамтамасыз ету. Мұндай шығындар туындаған жағдайда, оларға байланысты шығыстарды Орындаушы көтереді.

4.1.11. Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпараттың құпиялылық режимін қатаң сақтау, Шарт тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда алынған ақпаратты/мәліметтерді қайтаруды және (немесе) жоюды қамтамасыз ету.

4.1.12. Орындаушының, сондай-ақ оның қосалқы орындаушыларының Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлері мен шетелдік азаматтар болып табылатын жұмыскерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу.

4.1.13. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жағдайда, оларды отандық өндірушілерден сатып алу;

4.1.14. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін қажетті қазақстандық тауарларды сатып алу шарттарын Тапсырыс берушімен келісу.

4.1.15. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.16. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында көрсетілген білікті мамандармен, жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен көрсету. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді баламалыларымен ауыстыруға құқылы (осы тармақ тендер қорытындысы бойынша шарт жасалған жағдайда қолданылады).

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.17. Осы Шартты орындау шеңберінде Қызметтерді көрсету үшін қажетті жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну.

4.1.18. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы орындаушылар туралы олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестестік белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ақпарат ұсыну. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициарлық меншік иесінің оффшорлық аймақтарда тіркелуіне қатысты тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.19. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.20. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.21. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.22. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.23. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.24. Қызметтерді көрсету үшін қажетті, Қор Операторы бекіткен тиісті тізбеге енгізілген тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымдардан сатып алу (осы тармақ мұндай талап Қызметтерге қолданылатын жағдайда қолданылады).

4.1.25. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.26. Осы Шартты орындауға тартылатын жұмыскерлерге тендерлік өтінімде көрсетілген жалақы мөлшерін Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде белгілеу және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде есепті кезеңнен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсыну (әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысына ең төменгі шекті мөлшер(лер) тендерлік құжаттамада Тәртіпке №5 қосымшаның 35-тармағына сәйкес белгіленген жағдайда қолданылады).

4.1.27. Шартты орындауға тартылған Өнім берушінің жұмыскерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарын арттыруды қамтамасыз ету және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде есепті кезеңнен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсыну (осы тармақ Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес шарт жасасу және жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).

4.1.28. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.29. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді);

4.1.30. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қараптексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап көрсетілетін қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді);

4.1.31. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді) қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.32. Тапсырыс берушінің жұмыскерлерін тасымалдау кезінде Тапсырыс беруші мен Орындаушының меншігіндегі көлік құралдарының қозғалыс жылдамдығын жолдың немесе маршруттың тиісті учаскесінде рұқсат етілген ең жоғары жылдамдықтан кемінде 10 км/сағ төмендету (осы тармақ көліктік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан кезде қолданылады).

4.1.33. Тапсырыс берушінің көлік қауіпсіздігі, сондай-ақ еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі (ЕҚ және ТҚ) саласындағы жауапты жұмыскерлеріне Орындаушының барлық көлік құралдарына орнатылған көлік құралдарын борттық мониторингтеу жүйесінен (GPS) ақпаратты нақты уақыт режимінде алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету (осы тармақ көліктік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан кезде қолданылады).

4.1.34. Тапсырыс берушінің жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламентімен танысу және оның талаптарын сақтау (осы тармақ көліктік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан кезде қолданылады).

4.1.35. Жоспардан тыс нұсқаманы тұрақты түрде өткізу және көлік құралдарының техникалық жай-күйіне бақылауды күшейту (осы тармақ көліктік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан кезде қолданылады).

4.1.36. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін қандай да бір мән-жайлар туындаған жағдайда, мұндай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлау.

4.1.37. Тапсырыс берушінің сұрау салуын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілген Қызметтер туралы сұратылған барлық есептерді Тапсырыс берушіге ұсыну.

4.1.38. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып көрсетуге, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдердің уақтылы және дұрыс есептелуін, сондай-ақ салық есептілігінің дұрыс жасалуын және салық органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы осы тармақты және Шарттың өзге де талаптарын, оның ішінде анық емес ақпарат ұсыну жөніндегі талаптарды тиісінше орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген залалды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. Залалды өтеу жөніндегі міндеттеме Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Тапсырыс беруші үшін белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.39. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау жүргізу, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмегені (төленбегені) не расталмағаны фактілерін анықтаған және осының салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартылған немесе қосымша есептелуге жататын салықтар есептелген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кеткен сомасының толық көлемін, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, қосымша есептелген барлық өзге де салықтарды өтеуге міндетті. Осы тармақта көзделген талап тек Орындаушымен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ қандай да бір себептермен Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, қосылған құн салығының қайтарылмауына және мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге қойған қосымша есептелген салықтары мен қаржылық санкцияларына әкеп соққан Орындаушының өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады.

4.1.40. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау жүргізу және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде салық төлеу көзінен ұсталатын салықтан босатуды қолдану негізсіз болғанын, себебі босатуды қолдану шарттары Өнім берушіге қолданылмайтынын анықтаған жағдайда, Өнім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге тиіс салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндетті. Тапсырыс беруші көрсетілген мән-жайлардың туындағанын растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

4.1.41. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Шарт жасалған күнгі қолданылатын салық салу режимі туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсыну. Салық салудың басқа режиміне ауысқан жағдайда, жаңа режимді қолдану басталған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлау.

4.1.42. Өнім берушінің салық салу режимі туралы ақпаратты ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы салдарынан туындаған залалдарды, сондай-ақ қосымша есептелген міндетті төлемдер сомаларын (салықтарды, өсімпұлдарды және өзге де алымдарды қоса алғанда) Тапсырыс берушіге өтеу.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.43. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша сұратылған кезең үшін өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қою.

4.1.44. Шартта көзделмеген, бірақ Шарт бойынша Қызметтерді көрсету талаптарынан туындайтын өзге де міндеттерді орындау.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Егер Қызметтерді сатып алу тендер тәсілімен жүзеге асырылған болса, тендерлік өтінім құрамында тендер өткізу кезеңінде Өнім беруші көрсеткен қосалқы орындаушыларға жиынтығында Қызметтер көлемінің (құнының) ¼ бөлігінен аспайтын көлемін қосалқы орындауға беру. Егер Қызметтерді сатып алу Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылған болса, Қызметтердің жалпы көлемінің 1/3 бөлігінен аспайтын көлемін беру. Бұл жағдайда Орындаушы үшінші тұлғалардың Қызметтерді көрсету процесін бақылауды дербес қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші алдында залалды толық өтеумен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті көтереді. Орындаушы Шартты орындауға байланысты үшінші тұлғалардың, қосалқы орындаушылардың кез келген талаптары мен өзге де талап қоюларынан Тапсырыс берушіні қорғауды қамтамасыз етеді.

4.2.7. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Осы Шартта және оған қосымшаларда көрсетілген Қызметтердің сапалы әрі уақтылы көрсетілуін талап етуге; көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктердің жойылуын талап етуге.

4.4.5. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттемелерін, шарттық міндеттемелер талаптарын орындамаған жағдайда, бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетуді толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы жазбаша нұсқама беруге;

4.4.6. Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған шеккен залалдар мен шығындарды өтеуді, сондай-ақ есептелген өсімпұл мен айыппұл сомаларын Орындаушыдан төлеуді талап етуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.7. Ескертулер болған жағдайда, олар толық жойылғанға дейін көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюдан бас тартуға.

4.4.8. Кез келген уақытта Тапсырыс беруші Орындаушының міндеттерін орындауда құзыретсіз деп есептейтін немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын әрекеттер жасады деп айыпталған, не мінез-құлқы Тапсырыс берушіге мүліктік немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін кез келген жұмыскерін Қызметтерді көрсетуден Тапсырыс беруші үшін шығынсыз шеттетуді талап етуге құқылы. Орындаушы бұл талапқа бағынуға және қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші үшін қосымша шығынсыз тиісті ауыстыруды дереу жүзеге асыруға міндетті.

4.4.9. Кез келген уақытта Орындаушының және/немесе Орындаушы тартқан Қосалқы орындаушының осы Шарттың ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыруға. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің, Орындаушының және/немесе Орындаушы тартқан Қосалқы орындаушының өкілдері қол қоятын актіде тіркеледі. Орындаушы және/немесе Орындаушы тартқан Қосалқы орындаушы осындай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, акт Тапсырыс беруші тарапынан біржақты тәртіппен ресімделеді.

4.4.10. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.11. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.12. Орындаушының кінәсінен жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда, белгіленген тәртіппен басқа Орындаушыны таңдағаннан кейін Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы (осы тармақ көліктік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан кезде қолданылады).

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушы Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін, бірақ Қызметтер көрсетілген күннен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге қол қою үшін «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алуларының ақпараттық жүйесі арқылы Шарттың №5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түрінде көрсетілген Қызметтер актісін немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде ресімделген көрсетілген Қызметтер актісін, көрсетілген Қызметтер туралы есепті (қажет болған жағдайда) жібереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шот-фактураны жазып береді. Орындаушы Қызметтерді көрсету актісіне (актілеріне) Веб-порталда қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Веб-порталда көрсетілген Қызметтер актілеріне қоса берілетін қағаз жеткізгіштегі қол қойылған Қызметтер актілерінің көшірмелерін Шарттың №5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде ресімделген көрсетілген Қызметтер актілерінің көшірмелерін қоса бере отырып, көрсетілген Қызметтер актілеріне ілеспе хаттарды қалыптастырады және оларға қол қояды.

5.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруді жүзеге асырады және 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген Қызметтерді қабылдап, «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алуларының ақпараттық жүйесінде немесе электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде көрсетілген Қызметтер актісіне қол қояды. Көрсетілген Қызметтер актісі электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде ресімделген жағдайда, Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алуларының ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қойылған Қызметтер актілерінің көшірмелерін қоса бере отырып, ілеспе хат жібереді.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 10 (_____) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Орындаушы 10 (_____) жжұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Орындаушы мойындаған болып саналады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 5 (5) ішінде міндеттенеді) хабардар етуді алған сәттен бастап Қызметтерді сапалы көрсетуге және/немесе көрсетілген Қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 10 (десяти) ішінде Орындаушыға Қызметтің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабардар етуді жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметті қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленеді.

5.5. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын Орындаушы, Шарттың 5.6-тармағына сәйкес оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында 183 күнтізбелік күннен астам болғанын растайтын құжат ұсынылған жағдайда, Қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 693-бабының 1 және 3-тармақтарының талаптарына сәйкес Орындаушының Қазақстан Республикасына жіберілген шетелдікпен немесе азаматтығы жоқ адаммен жасасқан еңбек шарттарының (келісімшарттарының) және/немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариат куәландырған көшірмелерін не Қазақстан Республикасына жіберілген

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушы жұмыскерлерінің табыстары туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжатты ұсынады (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда қолданылады).

5.6. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын Орындаушы ай сайын, Қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей, Шартқа сәйкес Қызметтерді көрсетуге тартылған жұмыскерлердің Қызметтерді көрсету кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағына кіргенін және Қазақстан Республикасының аумағынан шыққанын растайтын құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ есепті аймен аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезең ішінде Орындаушы жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында 183 күнтізбелік күннен кем (немесе артық) болғанын (келген және кеткен күндерді қоса алғанда) растайтын Орындаушының құжатын ұсынады (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда қолданылады).

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің Қызметтерді қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмауын қамтамасыз етеді.

6.2. Орындаушы көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 20 белгіленген кепілдік мерзімі ішінде қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Аяқталған объектіні пайдалану барысында жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Шарттың 6.2-тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға не Орындаушыдан Қызметтерді өтеусіз қайта көрсетуді немесе Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз күшімен жоюға жұмсаған шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Орындаушы пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық ерекшеліктерге, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігіне, сондай-ақ олардың тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

6.5. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қажетті барлық рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға арналған рұқсаттардың, лицензиялар мен сертификаттардың болуына кепілдік береді.

6.6. Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Орындаушыны Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні кейіннен көрсетілетін Қызметтердің мерзімдеріне, көлеміне және сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

6.7. Орындаушы осы Шарт бойынша Қызметтердің нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтардың үшінші тұлғаларға берілмейтініне Тапсырыс берушіге кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Қызметтердің нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтар бойынша талап-арыздар немесе шағымдар қойған жағдайда, осы кепілдіктердің талаптары бұзылған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге осыған байланысты келтірілген барлық залалды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Егер Қызметтердегі ел ішіндегі құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.3. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.4. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді көрсету мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.5. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының әрбір мерзімі өткен күн үшін 0,1% мөлшерінде өсімпұл** төлейді, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.2.6. Осы Шарттың орындалуына тартылған жұмыскерлерге еңбек ақысын белгілеу жөніндегі міндеттемелер Шарт талаптарына сәйкес орындалмаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікке тартылады. Аталған айыппұлды Орындаушы төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші оны көрсетілген Қызметтердің қабылдау-тапсыруын растайтын тиісті (қорытынды) актіге Тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін;

7.2.7. Шартты орындау үшін тартылған Мердігердің жұмыскерлерінің еңбек жалақысын және әлеуметтік қолдау көрсету шығындарын ұлғайту бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Орындаушы төлеуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға;

7.2.8. Шарттың 2.8-тармағында көрсетілген бастапқы құжаттарды Орындаушының тиісті нысанда уақтылы ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.9. Орындаушы еңбек қатынастары саласындағы талаптарды орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы (осы тармақ қосалқы мердігерлік шарттар жасалған кезде, жер қойнауын пайдаланушының кен орындарында қызметтер көрсетілген жағдайда қолданылады).

7.2.10. Орындаушының өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы және/немесе орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы жағдайында, форс-мажорлық мән-жайларды қоспағанда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.11. Орындаушы өз қызметкерлері, сондай-ақ оның бірлесіп орындаушылары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

7.2.12. Осы Шартты орындау барысында Шарттың осы 7-бөлімінде және Шартқа №9 қосымшада көзделмеген өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.2.13. Шарттың 8.3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Орындаушы Шарттың 7.2.10-тармағында көзделген айыппұлды Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті.

7.2.14. Орындаушы және оның бірлесіп орындаушылары Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлерге еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2.15. Қор Қорының Операторы бекіткен тиісті тізбеге енгізілген, Қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемені сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымдардан орындамағаны үшін Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді. Аталған айыппұлды Қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (қорытынды) актіге тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. (Осы тармақ мұндай талап Қызметтерге қолданылатын жағдайда қолданылады.)

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушіге өтелуге жататын және тиесілі нақты залал мен жіберіп алынған пайда сомаларын Тапсырыс берушінің осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.5. Орындаушы Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе уәкілетті тұлғалардың, сондай-ақ өзге де заңды және жеке тұлғалардың талап-арыздарына, сот талаптарына, айыппұлдарына, әкімшілік және/немесе сот талап қоюларына байланысты туындаған шығыстар мен залалдарды, егер олар Орындаушының кінәсіне байланысты және оның заңнама талаптарын сақтамауы салдарынан туындаған болса, толық көлемде өтеуге міндетті. Бұл, оның ішінде, салықтық және басқа да міндетті төлемдерді төлеу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарын сақтамауды, сондай-ақ ҚҚС бойынша декларацияға қосымшаларда мәліметтерді уақтылы көрсетпеуді қамтиды.

7.6. Орындаушы Тапсырыс берушіні кез келген қолданыстағы немесе ықтимал міндеттемелерге, шағымдарға, талап-арыздарға, сот талқылауларына және талаптарға қатысты жауапкершіліктен босатуға міндеттенеді және үшінші тұлғалардың Талаптары, талап-арыздары немесе өзге де талаптары қойылған жағдайда, Шартты орындау кезінде Орындаушының әрекеттерінен туындаған немесе сол әрекеттерге байланысты келтірілген залалдарды, оның ішінде шығындарды (сот шығындарын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) өтеуге кепілдік береді, бұған мұндай залалдың Тапсырыс берушінің қасақана құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде келтірілгені сот тәртібімен анықталған жағдайлар кірмейді.

7.7. Орындаушы Тапсырыс берушіні Қызметтерді көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалар шеккен залалды өтеуге байланысты талап-арыздар мен наразылықтардан қорғайды, сондай-ақ Шартты орындау барысында және оны орындау салдарынан туындайтын Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің мүлкі мен денсаулығына келтірілген залалға немесе зиянға, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуына байланысты барлық тәуекелдер үшін жауапты болады.

7.8. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын Орындаушының бұзуына байланысты құзыретті мемлекеттік органдар өндіріп алған барлық төлемдерді Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

7.9. Орындаушы Шартқа №7 қосымшада көзделген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы міндеттемелердің сақталуына жауапты болады. Орындаушының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды бұзған жағдайда, Орындаушы Шартқа №9 қосымшаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7.10. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 7.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Тапсырыс беруші Шарттың 8.3-тармағына сәйкес Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

7.11. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.11.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының әрбір мерзімі өткен күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.

7.11.2. Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.11.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген қызметтер актісінің сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.11.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

7.12. Тапсырыс беруші өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 7.14-тармағында көрсетілген жағдайларды, сондай-ақ форс-мажорлық мән-жайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.13. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.14. Орындаушы Шартты орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші залалдар мен алынбай қалған пайданы өтеуге құқылы.

7.15. Шарттың 7.2-7.13 тармақтарында көзделген бір немесе бірнеше мән-жай туындаған кезде, Тапсырыс беруші бірнеше айыппұл санкцияларын бір мезгілде қолдануға шектеусіз құқылы.

7.16. Тапсырыс беруші шот-фактуралардың дұрыс ресімделмеуіне байланысты туындаған төлемді кешіктіргені үшін жауапкершілік көтермейді және Орындаушыға өсімпұл төлемейді.

7.17. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.18. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залал тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық көлемде өтелуге тиіс.

7.19. Тараптар міндеттемені бұзу деп оның орындалмауын не тиісінше орындалмауын (Қызметтердің уақтылы көрсетілмеуі, көрсетілген

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қызметтердің кемшіліктермен көрсетілуі, осы Шартта және оған қоса берілген қосымшаларға сәйкес міндеттемелерде айқындалған өзге де талаптардың бұзылуы), яғни міндеттемені тиісінше орындамауды түсінуге келісті. Міндеттемені тиісінше орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, егер Орындаушының кінәсі болмаса, Орындаушы бұл туралы **Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге міндетті**. Бұл ретте мұндай хабарлама міндетті түрде негізді әрі жеткілікті дәрежеде уәжді болуы тиіс. Орындаушы осы тармақта көзделген әрекеттерді орындамаған жағдайда, Орындаушының кейіннен мұндай мән-жайларға сілтеме жасау құқығы жойылады.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.3.1. Тапсырыс беруші тауарларды сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де келеңсіз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.1.2. Өндірістік қажеттіліктің болмауы жағдайында, Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/бақылау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/бақылау кеңесі болмаған жағдайда – Тапсырыс берушінің басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде). Тауарларды сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Поставщикке оның нақты шеккен шығындарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.2. Осы Шартты орындау барысында Орындаушының Тәртіптің 31-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген талаптарды бұзғаны анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Орындаушыдан келтірілген залалдарды толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы;

8.4. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де келеңсіз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда не өндірістік қажеттіліктің болмауына байланысты Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/бақылау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/бақылау кеңесі болмаған жағдайда – Тапсырыс берушінің басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде) жол беріледі. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға оның нақты шеккен шығындарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.7. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге, күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні көрсетілуге тиіс. Шарт осы Шарттың 8.3.1.2-тармақшасында көзделген негіз бойынша бұзылған жағдайда, Орындаушы Шартты бұзу күніне қарай оны орындауға байланысты нақты шеккен шығындарының ғана өтелуін талап етуге құқылы.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекспен, жеделхатпен, электрондық поштамен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғанын растайтын дәлел болмаған жағдайда) оны жіберу сәтінде жеткізілді деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9.6. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банктік деректемелерге қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бұл туралы бір-бірін дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, мемлекеттік органдардың Қызметтерді көрсетуге тыйым салатын немесе қандай да бір өзге де түрде кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдарынан туындаған болса, Тараптар мұндай жауапкершіліктен босатылады, бұл ретте аталған мән-жайлар Тараптардың еркіне байланысты болмауға және Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес етуге тиіс.

11.2. Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа осы мән-жайлардың туындағаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Аталған мән-жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

11.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайларының, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдардың әрекет ету мерзіміне мөлшерлес уақытқа ұзартылады.

11.4. Шарттың 11.2-тармағында көзделген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайды міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуларды жүргізуге құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Орындаушы осы арқылы мыналарды растайды: - заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылғанын, қандай да бір заңсыз мақсаттарды көздемейтінін және қаржыландырудың тек заңды көздеріне ие екенін; - Орындаушы және оның аффилиирленген тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңсыз әрекеттер жасағаны үшін сотталмағанын немесе кінәлі деп танылмағанын. Орындаушы немесе оның қандай да бір аффилиирленген тұлғалары осындай құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - саяси мәні бар тұлғамен байланысты тұлға болып табылмайтынын, сондай-ақ Орындаушының басшы қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары саяси мәні бар тұлғалар болып табылмайтынын және (немесе) саяси мәні бар тұлғалармен байланысты емес екенін. Саяси мәні бар тұлғалармен байланыстары болған жағдайда, Орындаушы Шартқа қол қойылған күннен бастап немесе осындай мәртебеге ие болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жоғарыда көрсетілген байланыстардың бар екендігі туралы (осындай байланыс туралы мәліметтерді қоса бере отырып) Тапсырыс берушінің мекенжайына хабарлама жібереді; - Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған Тапсырыс берушінің Іскерлік әдеп кодексімен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатымен танысқанын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының мәні мен мағынасын толық түсінетінін.

13.9. Орындаушы осы Шарттың осы бөлімінің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда Тапсырыс берушіге адал ниетпен көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, оның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды тұлғаларына және өзге де аффилиирленген тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.10. Орындаушыда осы Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелерінің бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін екендігі туралы күдік туындаған жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған «Жедел желі» арқылы Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Осы бөлім Шарттың нысанасына қатысты сот органдарының сұрау салуы бойынша және сот талқылауы барысында құпия ақпаратты ашу жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша ақпаратты ашу жағдайларына қолданылмайды.

14.4. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

15. Өзге де талаптар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

15.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды, әр Тарапқа бір-бір данадан беріледі. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтіннің басымдығы болады.

15.2. Осы Шартқа қатысты барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық түрде қол қойған жағдайда, осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылады, Тараптардың мекенжайлары мен деректемелерінің өзгеруіне байланысты құжаттарды қоспағанда. Шартқа веб-портал арқылы электрондық нысанда қол қойылған сәттен бастап Орындаушы веб-порталда орналастырылған және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа жасалған барлық қосымшалармен танысқан, олармен келіскен және оларға қосылған болып есептеледі.

15.3. Тараптар арасындағы Шартта көзделмеген жаңа міндеттемелердің туындауына әкеп соғатын кез келген уағдаластық, егер ол Тараптармен Шарттың 15.2-тармағының талаптарына сәйкес Тараптардың тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде расталған болса, жарамды болып есептеледі.

15.4. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және сол заңнамамен реттеледі. Шарт талаптарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

15.5. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

15.6. Шарттың және оған қосымшалардың мәтіндерін түсіндіру кезінде қандай да бір сәйкессіздіктер немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Шарттың мәтіні басым күшке ие болады.

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	_____
Астана қ., "Нұра" ауданы, Қабанбай Батыр, 17 ғимарат, т.е.б.	_____
16,	_____
БСН 140340010451	БСН _____
БСК HSBKKZKX	БСК _____
ЖСК KZ546010111000193945	ЖСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	_____
Тел.: +7 (717) 260-9329	Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
1 У	Қауіпті емес қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару (жинау) бойынша қызметтер, зиянсыз қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару (жинау) қызметтері	Бірлік кентіндегі әкімшілік ғимараттың аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару	1.000	1.000	-		878 896.55	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Атырау қ., с.о. Геолог, с. Бірлик, промышленная зона Телемунара, ст-е 4	-	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

